



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtıq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtıq jýrnal №2 (69)-2022

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
— (төраға)
Абайділинов Е.М. — з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. — з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. — з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. — з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. — з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. — з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. — з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. — з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. — з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ — з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. — з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев — PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. — з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. — LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Ишбеков К.А. — з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. — з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. — PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. — LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. — з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазиев Б.К. — з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. — PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. — з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. — з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Сәрсенов А.М. — PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. — з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финк Д.А. — з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Редактор — Колтубаева Г.Б.
Беттеуші — Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.К. СӘРПЕКОВ Конституциялық реформа
Қазақстанның саяси жүйесін қайта бастаудың
негізгі нүктесі ретінде 13

Б.К. НҰРҒАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА
Қазақстан Республикасында мемлекеттік
қызметке кіру кезіндегі кейбір ұсыныстар 22

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Нормативтік құқықтық
актілердің иерархиясы туралы..... 32

Е.С. ӘБІЛҒАЗИН, Қ.Т. МУРЗАШЕВ
Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем
қабілеттілігін және банкроттықты қалпына
келтіру мәселесіне..... 40

В.И. ОЛЕЙНИК, Б.А. АМАНЖОЛОВА
Қазақстан Республикасында заң білімін жетілдіру 47

А.Қ. ҚҰРМАНОВА Генетикалық ақпаратты
пайдаланудың қолданыстағы заңнаманың
нормаларымен регламенттеудің құқықтық мәселелері 57

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

Р.М. ЖАНҒАРАШЕВ Біріккен Корольдіктің
корпоративтік басқару кодексінде «сақта
немесе түсіндір» қағидатының тиімділігін
қалай арттыруға болады? 67

Е.Г. КОМИССАРОВА (Пермь қ., РФ),
С.К. ЫДЫРЫШЕВА, Т.В. КРАСНОВА
(Тюмень қ., РФ) Өгей әке мен өгей баланың
жеке мүліктік емес қатынастары: құқықтық
мәндерін іздеу..... 73

М.Қ. ЖҮСІПБЕКОВА, Э.О. ТОЙЛЫБЕКОВА,
К.Ж. ЖАРЕКЕЕВ Қазақстан Республикасында
аграрлық секторды тамақ және азық-түлік
қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шарты
ретінде дамыту 86

Р.Г. НҰРМАҒАМБЕТОВ, С.М. ШОНАЕВА
Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау
саласындағы білім беру қызметтерінің баға
демпингін теориялық-құқықтық еңсеру туралы
мәселеге: қатынастарды реттеу қағидаттарын
бекітудегі шет елдердің тәжірибесі 95

Ш.У. БУРАШОВ, Б.А. ТАЙТОРИНА,
Д.Н. БЕКЕЖАНОВ Қазақстан Республикасындағы
білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары:
тұжырымдамалау мәселелері және заңнаманы
жаңғырту сұрақтары 104

А.Қ. ҚАЙШАТАЕВА, Р.Т. БАЯЗИТОВА Еңбек құқық қатынастарындағы стандарттар: теориялық-құқықтық талдаудың кейбір аспектілері.....	116
А.Қ. ҚАЛДЫБАЕВ Компаниялардың қатысу үлестерін (акцияларын) иеліктен шығару туралы шарттарда және корпоративтік шарттарда шетелдік заңнаманы қолдану.....	125
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Алқабилер сотының соттылығын кеңейту: заңнама мен құқықтық техниканың тұрақтылығы мәселелері	134
М.Ш. ҚҰРМАНҒАЛИ, Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Әлеуметтік желілердегі судьялық этика: халықаралық стандарттар және шетелдік тәртіптік тәжірибе.....	142
А.Қ. ҚАНАТОВ, М.А. ШӘКЕНОВ Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты (заң шығарудағы иммерсивті ұстаным)	152
Ж.Ө. ӨМІРӘЛІ, Б.Қ. ИЛЬЯСОВА Сот билігінің егемендігі.....	163
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
А.М. ҚАРАТАЕВА, Д.Б. МАХАМБЕТСАЛИЕВ АҚШ-тағы атқарушы биліктің конституциялық-құқықтық реттелуі	175
А.А. АХМЕТОВА, К. ЭСПЛЮГЕС (Валенсия қ., Испания), З.М. БАЙМАҒАМБЕТОВА Дүниежүзілік сауда ұйымының келісімдерін астық саудасы жөніндегі дауларда қолдану практикасы.....	185
Құқықтық мониторинг	
С.И. КЛИМКИН, А.Ғ. ҚАЗБАЕВА Коммерциялық емес ұйымдарды заңнамалық реттеудің тиімсіздігі туралы мәселесіне.....	195
А.Ө. ҚАЛИЕВА «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ақаулары туралы мәселеге (кәсіподақтар саласындағы заңнаманы талдау нәтижелері).....	204
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Н.М. ПРИМАШЕВ Терминдер қорының жай-күйі және оны жетілдірудің кейбір жолдары (әскери іс саласы мысалында)	213
Жас ғалым мінбері	
Е.Б. АХМЕТОВ, М.К. ЖҮРҮНОВА Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу және әкімшілік рәсімдердің қағидаттарын жіктеу мәселесіне.....	223
Т.А. МАЗУРОВА (Минск Қ., БР) Професионалды спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын қызметкерлермен еңбек шартын тоқтата тұрудың кейбір құқықтық проблемалары (Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша)	234
М.А. АЛДИЯРХАН Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бойынша түзеу жұмыстарын қолданудың әлеуетін арттыру мәселелері	244
Р.Ж. БӘЙШЕВ Тұтынушылық несиелеуді реттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауы (Еуропа, Ресей және Қазақстан тәжірибесі).....	254
Е.К. ТОРСЫҚБАЕВ Өндіріп алушы талаптары көлемінің және мәжбүрлеп орындату шараларының арақатынасы қағидатын сақтау.....	263
«Жаршынын» архивтегі беттері	
А. Б. ШАЙКЕНОВА Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды нормативтік реттеуді жетілдіру мәселелері туралы Е. А. Дүйсеновтың, А. К. Лямбекованың ғылыми жарияланымна қайта оралғанда, №3(48)-2017 Нравится17.....	271
Р.К. СӘРПЕКОВ Ұлы ұстазды еске алу	277



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №2 (69)-2022

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный дея-
тель Казахстана (Нур-Султан, Казахстан)
– (председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M. (Нур-Султан,
Казахстан)
Ишеков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменно-
горск, Казахстан)
Сарсенов А.М. – PhD (Нур-Султан, Казах-
стан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции	9
Конституционное и административное право	
Р.К. САРПЕКОВ Конституционная реформа как основной поинт перезапуска политической системы Казахстана	13
Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА Некоторые предложения при поступлении на государственную службу в Республике Казахстан	22
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Об иерархии нормативных правовых актов	32
Е.С. АБУЛГАЗИН, К.Т. МУРЗАШЕВ К вопросу о восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан	40
В.И. ОЛЕЙНИК, Б.А. АМАНЖОЛОВА Совершенствование юридического образования в Республике Казахстан	47
А.К. КУРМАНОВА Правовые вопросы регламентации использования генетической информации по действующему законодательству	57
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
Р.М. ДЖАНГАРАШЕВ Каким образом можно повысить эффективность принципа «соблюдай или разясняй» в кодексе корпоративного управления Соединенного Королевства	67
Е.Г. КОМИССАРОВА (г. Пермь, РФ), С.К. ИДРЫШЕВА, Т.В. КРАСНОВА (г. Тюмень, РФ) Личные неимущественные отношения отчима и пасынка: в поисках юридических сущностей	73
М.К. ЖУСУПБЕКОВА, Э.О. ТОЙЛЫБЕКОВА, К.Ж. ЖАРЕКЕЕВ Развитие аграрного сектора как условие обеспечения пищевой и продовольственной безопасности в Республике Казахстан	86
Р.Г. НУРМАГАМБЕТОВ, С.М. ШУНАЕВА К вопросу о теоретико-правовом преодолении ценового демпинга образовательных услуг в сфере охраны труда в Республике Казахстан: опыт зарубежных стран в закреплении принципов регулирования отношений	95
Ш.У. БУРАШОВ, Б.А. ТАЙТОРИНА, Д.Н. БЕКЕЖАНОВ Права потребителей образовательных услуг в Республике Казахстан: проблемы концептуализации и вопросы модернизации законодательства	104

СОДЕРЖАНИЕ

А.К. КАЙШАТАЕВА, Р.Т. БАЯЗИТОВА

Стандарты в трудовых правоотношениях: некоторые аспекты теоретико-правового анализа 116

А.К. КАЛДЫБАЕВ Применение иностранного права в договорах по отчуждению долей участия (акций) компаний и в корпоративных договорах 125

Уголовное право и уголовный процесс

С.С. КАРЖАУБАЕВ Расширение подсудности суда присяжных: проблемы стабильности законодательства и юридической техники 134

М.Ш. ҚҰРМАНҒАЛИ, Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Судейская этика в социальных сетях: международные стандарты и зарубежная дисциплинарная практика 142

А.К. КАНАТОВ, М.А. ШАКЕНОВ Институт Уполномоченного по правам человека в Казахстане (иммерсивный подход в законотворчестве) 152

Ж.Ө. ӨМІРӘЛІ, Б.Қ. ИЛЬЯСОВА Суверенитет судебной власти 163

Международное право и сравнительное правоведение

А.М. КАРАТАЕВА, Д.Б. МАХАМБЕТСАЛИЕВ Конституционно-правовое регулирование исполнительной власти в США 175

А.А. АХМЕТОВА, К. ЭСПЛЮГЕС (г. Валенсия, Испания),
З.М. БАЙМАГАМБЕТОВА Практика применения соглашений Всемирной торговой организации в спорах по торговле зерном 185

Правовой мониторинг

С.И. КЛИМКИН, А.Г. КАЗБАЕВА К вопросу о неэффективности законодательного регулирования некоммерческих организаций 195

К.У. КАЛИЕВА К вопросу о дефектах Закона Республики Казахстан «О профессиональных союзах» (результаты анализа законодательства в сфере профсоюзов) 204

Из практики законотворчества на государственном языке

Н.М. ПРИМАШЕВ Состояние фонда терминов и некоторые пути его совершенствования (на примере сферы военного дела) 213

Трибуна молодого ученого

Е.Б. АХМЕТОВ, М.К. ЖУРУНОВА К вопросу о классификации принципов административного судопроизводства и административных процедур Республики Казахстан 223

Т.А. МАЗУРОВА (г. Минск, РБ) Некоторые правовые проблемы приостановления трудового договора с работниками, осуществляющими деятельность в сфере профессионального спорта (по законодательству Республики Беларусь и Российской Федерации) 234

М.А. АЛДИЯРХАН Вопросы повышения потенциала применения исправительных работ по уголовному законодательству Республики Казахстан 244

Р.Ж. БАИШЕВ Сравнительно-правовой анализ регулирования потребительского кредитования (опыт Европы, России и Казахстана) 254

Е.К. ТОРСЫКБАЕВ Соблюдение принципа соотносимости объема требований взыскателя и мер принудительного исполнения 263

Архивные страницы «Вестника»

А.Б. ШАЙКЕНОВА Возвращаясь к научной публикации Дюсенова Е.А., Лямбековой А.К. о вопросах совершенствования нормативного регулирования использования возобновляемых источников энергии, №3(48)-2017 271

Р.К. САРПЕКОВ Памяти великого учителя 277



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №2 (69)-2022

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., *Honored Worker of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan)* – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Murumcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Malinovski V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Sarsenov A.M. – PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

- R.K.SARPEKOV** Constitutional reform as the main point of restarting the political system of Kazakhstan 13
B.K. NURGAZINOV, A. N. OSPANOVA Some proposals for entering public service in the Republic of Kazakhstan 22
L.T. ZHANUZAKOVA On the hierarchy of normative legal acts 32
E.S. ABULGAZIN, K.T. MURZASHEV To the question of restoration of solvency and bankruptcy of citizens of the Republic of Kazakhstan 40
V.I. OLEINIK, B.A. AMANZHOLLOVA Improvement of legal education in the Republic of Kazakhstan 47
A.K. KURMANOVA Legal issues of regulation of the use of genetic information by the norms of the current legislation 57

Civil and Civil Procedure Law

- R.M. JANGARASHEV** How can the effectiveness of the «comply or explain» principle in the UK corporate governance code be improved? 67
E.G. KOMISSAROVA (Perm, Russia),
S.K. IDRYSHEVA, T.V. KRASNOVA (Tyumen, Russia) Personal non-property relationships of the step-father and stepson: in search of legal entities 73
M.K. ZHUSUPBEKOVA, E.O. TOYLYBEKOVA, K.ZH. ZHAREKEEV Development of the agricultural sector in the Republic of Kazakhstan as a condition for ensuring food and food security 86
R.G. NURMAGAMBETOV, S.M. SHUNAEVA To the question of theoretical and legal overcoming of educational services price dumping in the sphere of occupational safety in the Republic of Kazakhstan: experience of foreign countries in consolidation of the principles of regulation of relations 95
SH.U. BURASHOV, B.A. TAITORINA, D.N. BEKEZHANOV Rights of consumers of educational services in the Republic of Kazakhstan: problems of conceptualization and issues of modernization of legislation 104
A.K. KAISHATAYEVA, R.T. BAYAZITOVA Standards in labor relations: some aspects of theoretical and legal analysis 116

CONTENT

A. KALDYBAYEV The application of foreign law in agreements on the alienation of participation interests (shares) of companies and in corporate agreements	125
--	-----

Criminal law and Criminal procedure

S.S. KARZHAUBAYEV Expanding the jurisdiction of the jury: problems of stability of legislation and legal technology	134
M. KURMANGALI, ZH. SAILIBAYEVA Judge ethics in social networks: international standards and foreign disciplinary practice	142
A.K. KANATOV, M.A. SHAKENOV Institute of the commissioner for human rights in Kazakhstan (immersive approach to lawmaking)	152
ZH. OMIRALI, B.K. ILYASOVA Sovereignty of the judiciary	163

International law and Comparative law

A.M. KARATAYEVA, D.B. MAKHAMBETSALIYEV Constitutional legal regulation of the executive branch in the United States.....	175
A.A. AKHMETOVA, C. ESPLUGUES (Valencia, Spain), Z.M. BAIMAGAMBETOVA The practice of applying World Trade Organization agreements in grain trade disputes	185

Legal monitoring

S.I. KLIMKIN, A.G. KAZBAYEVA To the question of inefficiency of legislative regulation of non-commercial organizations.....	195
K.Y. КАЛИЕВА К вопросу о дефектах Закона Республики Казахстан «О профессиональных союзах» (результаты анализа законодательства в сфере профсоюзов)	204

From the lawmaking practice in the official language

N.M. PRIMASHEV The state of the fund of terms and certain ways to improve it (on the example of the sphere of military affairs)	213
--	-----

Young researchers' tribune

Y.B. AKHMETOV, M.K. ZHURUNOVA On the classification of the principles of administrative proceedings and administrative procedure of the Republic of Kazakhstan.....	223
T.A. MAZUROVA (Minsk, RB) Some legal problems of suspension of an employment contract in the field of professional sports (under the legislation of the Republic of Belarus and the Russian Federation).....	234
M.A. ALDIYARKHAN Issues of increasing the potential for the use of correctional labor in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan	244
R. BAISHEV Legal comparative analysis of consumer lending regulation (experience of Europe, Russia and Kazakhstan).....	254
E.K. TORSYKBAEV Compliance with the principle of correlation of the volume of the claimant's claims and enforcement measures	263

The archive pages of the «Bulletin»

A.B. SHAIKENOVA Returning to the scientific publication of Dyussenov Ye.A., Lyambekova A.K. on the issues of improving regulation of the use of renewable energy sources, №3(48)-2017	271
R.K. SARPEKOV To the memory of a great teacher.....	277

УДК 801.8

ТЕРМИНДЕР ҚОРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ (әскери іс саласы мысалында)

Нұрзада Маханбетұлы Примашев

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық
ақпарат институты Лингвистика орталығының басшысы,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент;
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы; e-mail: primashev.n@zqai.kz

Аннотация. Қазақ тілінің, оның ішінде заңнама лексикасы да, үнемі даму үстінде. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері тілдің де, оның басты бірлігі – сөздердің де өзгеру динамикасы тіл лексиканың едәуір жақсарғанын көрсетеді. Олардың арасында қолданысқа жақсы еніп кеткен нұсқалармен қатар, біржолғы іспеттілері де бар. Мысалы, «заңнама», «құқық», «сала», «зияткерлік құқық» сияқты нұсқалардың қолданылуы күннен-күнге кеңейіп отыр. Ал «азаматтық заңнама қалыптары», «азаматтық заңдар», «заң құжаттары» және т.с.с. нұсқалар құқықтық-лексикалық айналымнан әлдеқашан шығып қалған.

Осындай мысалдардың зерттелетін объектіге – терминдер қорына тікелей қатысы бар. Қазақ тіліндегі барлық тілдік бірліктер – терминдер ресми айналысқа енгізілуі үшін құзіретті органның жанынан құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясында қаралып, мақұлданыуы тиіс. Бірақ мұндай жоғары заңдастыру рәсімінің өзі де терминдер мен сөздердің қолданылуына кепілдік бере алмайды. Олардың арасында сәтті және сәтсіз нұсқалар бар. Сондықтан осы уақытқа дейін мақұлданған 400 000-ға жуық терминнің арасында қате нұсқалар да жетерлік. Ең төменгі деңгейде зерделеніп ұсынылғанына, тиісті деңгейлер мен жеткілікті уақыт ішінде зерттелгеніне, мемлекеттік құрылымдар тарапынан мақұлданғанына қарамастан терминдер қорында кемшіліктер өте көп.

Терминдер қорындағы тілдік бірліктерді зерделеу, талдау, қателерін анықтау оларға арнайы қолданбалы ғылыми зерттеуді жүргізуді қажет етеді. Сондықтан осындай зерттеудің нәтижелері бойынша жазылған мұндай мақаланың құқықтық та, тілдік те маңызы болары сөзсіз.

Түйін сөздер: терминдер, Терминком, әскери іс саласы, қателер, қайта қарау, пысықтау, нақтылау, түзету, ұсыныстар.

СОСТОЯНИЕ ФОНДА ТЕРМИНОВ И НЕКОТОРЫЕ ПУТИ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ (на примере сферы военного дела)

Примашев Нурзада Маханбетович

Руководитель Центра лингвистики Института законодательства
и правовой информации Республики Казахстан,
кандидат юридических наук, доцент;
Республика Казахстан, город Нур-Султан; e-mail: primashev.n@zqai.kz

Аннотация. Лексика казахского языка, в том числе законодательства, находится в постоянном развитии. Динамика изменения как языка, так и его основной единицы – слов с 90-х годов прошлого века свидетельствует о значительном улучшении языковой лексики. Среди них, наряду с удачно вошедшими в оборот, есть и разовые. К примеру, широта использования таких терминов и понятий, как «заңнама», «құқық», «сала», «зияткерлік құқық» расширяется изо дня в день. А такие единицы как, «азаматтық заңнама қалыпта-

ры», «азаматтық заңдар», «заң құжаттары» и т.п. давно вышли из правового и лексического оборота.

Вышеприведенные примеры имеют прямое отношение к исследуемому объекту – фонду терминов. Как правило, все языковые единицы – термины на казахском языке для официального использования в научно-практическом обороте должны быть рассмотрены и одобрены Республиканской терминологической комиссией при Правительстве Республики Казахстан. Но, даже такая процедура высокого уровня легализации не может гарантировать использования таких терминов и слов, так как среди них встречаются удачные и не совсем удачные единицы. Поэтому среди почти 400 000 терминов, одобренных вышеуказанной комиссией, есть и ошибочные. Несмотря на то, что они рекомендованы специалистами нижнего уровня властной иерархии, изучены на соответствующих уровнях государственных органов и в достаточное время, одобрены уполномоченными структурами, в фонде терминов встречаются множество ошибок и недостатков.

Изучение языковых единиц фонда терминов, анализ и выявление их ошибок требует проведения специальных прикладных научных исследований. Поэтому данная статья, выполненная по результатам такого исследования, безусловно, будет иметь как правовое, так и языковое значение.

Ключевые слова: термины, Терминком, сфера военного дела, ошибки, пересмотр, доработка, уточнение, исправление, предложения.

THE STATE OF THE FUND OF TERMS AND CERTAIN WAYS TO IMPROVE IT (on the example of the sphere of military affairs)

Primashev Nurzada Makhanbetovich

Head of the Center for Linguistics, Institute of Legislation and Legal Information
of the Republic of Kazakhstan, PhD in Law, Associate Professor,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: primashev.n@zqai.kz

Abstract. The vocabulary of the Kazakh language, including legislation, is in constant development. The dynamics of changes in both the language and its basic unit – words since the 90s of the last century indicates a significant improvement in the language vocabulary. Among them, along with successfully entered into circulation, there are also one-time ones. For example, the breadth of use of such terms and concepts as «заңнама», «құқық», «сала», «зияткерлік құқық» is expanding from day to day. And such units as, «азаматтық заңнама қалыптары», «азаматтық заңдар», «заң құжаттары» etc. have long been out of legal and lexical circulation.

Such examples are directly related to the object under study – the fund of terms. As a rule, all language units - terms in the Kazakh language for official use in circulation must be reviewed and approved by the Republican Terminological Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan. But even such a high-level legalization procedure cannot guarantee the use of such terms and words, since there are successful and not quite successful units among them. The refore, among the almost 400,000 terms that have been approved by the above commission, there are also erroneous ones. Despite the fact that they are recommended by specialists at the lower level of the hierarchy, studied at the appropriate levels of government agencies and in terms, approved by authorized structures, there are many short comings in the fund of terms.

Study of language units and terms, analysis and identification of their errors requires special applied scientific research. The refore, such an article, made according to the results of such a study, will certainly have both legal and linguistic significance.

Keywords: terms, term, sphere of military affairs, errors, revision, revision, clarification, correction, proposals.

Кіріспе

Кез келген тілдің байлығы оның сөздік құрамымен айқындалады. Сондықтан оның бірліктерінің, яғни сөздерінің табиғатын зерделеу мен зерттеу, оларды қолдану және жетілдіру оны қолданушылармен қатар қоғам мен мемлекеттің де міндеті болып табылады.

Қоғамның дамуы тілдік дамуды да қажет етеді. Адамзаттың ғылыми-техникалық өркендеуі қай тілдің де болмасын өзгерістерге ұшырауына алып келетіні белгілі жайт. Жалпы ақпараттық, шындығында тілдік ағын барысында кейбір тілдердің байып, өкінішке орай, кейбір тілдердің деградация ұшырып, тіпті жойылып жататыны да объективті құбылыс. Бұл жерде тілді белсенді қолданудың немесе ол тілде сөйлеушілері санының азаюы басты фактор емес. Сондықтан тілдің аясын кеңейту, оның жалпы тіл теориясы бойынша қарама-қайшылықтарын шешу бойынша мемлекеттік деңгейдегі жұмыстарды атқару кез келген қоғам мен мемлекет үшін әрі міндет, әрі сын. Мемлекеттік тіл саналатын қазақ тілінің тағдыры мен болашағы үшін атқарылып жатқан істер де осындай істерді өзекті ете түседі.

Осыған орай мақала объектісі ретінде терминдердің оның ішінде «әскери іс» саласының таңдалуы тегіннен тегін емес. Бұл саланың да терминдік құрамда алатын орны үлкен. Ұлт пен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолданылатын терминдердің өзі үлкен мәселе тудырып отыр. Оны тіпті тілдік қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмай отыр деуге болады. Сан жағынан да, сапасы жағынан да кенде терминдік сала үлкен жұмыстарды қажет етеді. Тек қана ғылыми зерттеу ғана емес, үлкен ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыстарды да қажет етеді.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қамтамасыз ету бойынша бірқатар іс-шара атқарылып жатқан сияқты. Оның тілдік-теориялық негіздері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, жоғары оқу орындарының тіл ғылымы тарапынан дамытылып жатыр, яғни ғылыми-практикалық аспектілері де қарастырылуда. Мысалы, қазір Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл са-

ясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылуда (оның шынайылығы, әзірлену сапасы, ауқымы мен нақтылығы, орындау барысы мен көрсеткіштері өзге мақалалардың тақырыбы бола алады).

Ұлттық заңнаманың терминдік құрамын қалыптастыру мен дамытуда үлкен орын алатын консультациялық-кеңесші орган мәртебесі бар «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы» (бұдан әрі – Терминком) болатын. Осы Терминкомның сайтында заңнаманы қоса алғанда, ғылым мен техникада қолданылатын барлық терминдер мен сөздер салалық қағидат бойынша орналастырылған¹. Азды-көпті, кемшілікті-қателі болса да терминдер бойынша негізгі жұмысты атқаратын бұл құрылымның лауазымдық немесе штаттық құрамы жақында ғана, яғни Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 54-ө өкімімен өзгертілді. Алайда жаңа мемлекет құру науқаны аясында аталған қаулының күші «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен жойылды². Оның болашағы мен тағдыры белгісіз, яғни қазақ тілінің терминдік құрамының жетілдірілуі де біраз уақыт белгісіздік жағдайында қалатыны өкінішті.

Заңнама саласы да қазақ тілінің ережелеріне бағынады және оның лексикалық құрамына тікелей тәуелді. Сондықтан заңнаманың негізгі бастауы – «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 3-тармағында «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс. Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқар-

¹ Жоба жайлы // termincom.kz сайты // <https://termincom.kz/industry/?id=20> (Қарау күні: 12.03.2022)

² Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 10.05.2022)

туға жол берілмейді»³ деген нормалардың бекітілуі оның тек маңыздығын ғана қордай түседі.

Қазақ тілінің төл және аударма лексикасы, оның ішінде аудармалық сипаттағы заңнама лексикасының мәселелері туралы аз айтылып, не жазылып жатқан жоқ. Осындай мәселенің бірі қазақ тілінің ғасырлық тарихы бар терминологиялық қорын жасау болып табылады. Осындай істе Терминком маңызды рөл атқарды. Ғасырлық уақытта жинақталған терминдер жиынтығын немесе терминқордың да ғылыми өңдеу қолға алынуы тиіс жұмыстардың бірі. Оның дамуы мен өзгеруіне тікелей әсер ететін уақыттық, қоғамдық-саяси, оқиғалық және тағы сол сияқты күрделі факторлардың салдарын дер кезінде ескеріп, жетілдіріп отыру тиісті тек мамандардың ғана емес, қоғамның да келелі міндеті. Сондықтан «Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ғаламтор желісіне енген «Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғайреспубликалық терминологиялық электронды базасы болып саналады»⁴ делінген ақпарат көзі бойынша жұмыс істеу де қазақ тілін жетілдіру бағытындағылардың бірі деуге тұрады (көрсетілген кемшіліктің мақаланың объектісіне еш қатысы жоқ).

Әдістер мен материалдар

Мақала объектісі «әскери іс» саласының терминдік құрамын зерттеуде салыстыру, салалық жүйелік және салааралық талдау әдістері қолданылды. Мақаланың лексикалық құрамы «Termincom.kz» сайтында орналастырылған салалық, салааралық қорлармен қатар электрондық сөздіктер, оқулықтар, түрлі сөздіктер бойынша зерттелді.

Терминдердің мағынасын дұрыс түсіну мен түсіндіру үшін шетелдік орыс тіліндегі дереккөздер де пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу объектісінің ерекшелігіне орай басты ескертетін жайт терминқорда қолданысқа орынды енген «ұшақ», «жиектас»,

«тінтуір» және т.с.с. сөздермен қатар орынсыз алынған, аударылған, енгізілген нұсқалар өте көп екені. Олардың біразы осы мақалада көрсетіледі. Мысалы, «актана» деген терминнің табиғаты мүлдем белгісіз. Ешбір сөздіктен не әмбебап дерек көзі – интернеттен табылмаған сөзді тек пайымдауға ғана болады. Егер оны кезінде құзіретті орган ұсынып, Терминком мақұлдаған болар. Бірақ ондай терминдердің қарапайым тұтынушыға түсінікті болуы шарт емес пе? Әрбір терминнің түсінігіне арнайы құзіретті құрылымдарға жүгіну орынсыз болар

Зерделенген және зерттелген «әскери іс» саласында қазақ тілінің жазылуы мен ресімделуінде жіберілетін қателіктер орын алған. Онда қағидатты кемшіліктермен қатар тыныс белгілік, техникалық сипаттағы да кемшіліктер де өте көп. Термин есебінде мақұлданған бірліктердің сөз тіркестік, ал кейбіреулерінің толықтай сөйлемдік сипаты бар.

Менің ойымша орынсыз не әлсіз баламаларға «оқшашар / пулемет» пен «оқ-дәрі / боеприпас» және т.с.с. терминдер мысал бола алады. Бірінші терминді тіпті тура/калька аударма дегеннің өзінде де «қалай, ретсіз шашады ма?» деген сұрақтар туындайды. Оның «қол оқшашары», «авиа оқшашар» деген түрлері мәнмәтіндік тұрғыдан үлкен мәселе туғызады. Екінші термин жалпы әскери тұрғыдан дұрыс болғанымен, салалық «ядролық оқ-дәрі», «биологиялық оқ-дәрі» деген нұсқалар қаншалықты орынды?

Орыс тіліндегі түрлі мәнмәтінде қолданылатын «перехват», «перехватчик» деген сөздердің нақты баламасы табылмаған екен. Зерттеліп отырған салада олар «тосқауыл қою», «тосқауыл қоюшы» деп аударылған. Шындығында оның «тосқауыл» қоға қатысы жоқ. Тосқауылдың мағынасы кедергі қою, келтіруде. Ал «перехватчик» ұшағы түрлі қашықтықтағы жау ұшағын нысанаға алумен қатар жоюға арналған. Тіпті қазіргі уақытта ғарыштық «перехватчик» жерсеріктер де бар. Сондықтан бұл сөзді мағынасына қарай нақтылау не сол күйінде алу қажет болар. Оның бастапқы мағынасын қолданыстағы заңнамадағы нұсқалары да дәлелдей алады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы қауіпті әскери қызметті болғызбау туралы келісімді бекіту туралы» 2004 жылғы 11 маусымдағы Қа-

³ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 20.03.2022)

⁴ Жоба жайлы <https://termincom.kz/about> (қарау күні: 12.03.2022)

закстан Республикасының Заңында «ұстап алушы және ұстап алынған әуе кемесі үшін / для перехватчика и перехваченного воздушного судна» делінген нұсқасы бар. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 148-бабының 2-тармағында «ақпаратты заңсыз ұстап қалу / незаконного перехвата информации» деген тіркес бекітілген. Ал «Жедел-іздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңының

1-бабы 21) тармақшасында «Перехват и снятие информации» деген тіркес «ақпаратты ұстап алу және алу» деп аударылған.

Осыған ұқсас «захват» сөзін аударуда да мәселе бар. Мысалы, «Нысананы басып алу қашықтығы» деген ұғым мен оның орыс тіліндегі «Дальность захвата цели» деген нұсқасы арасында мағыналық арақашықтық орасан. Бұл ұғымға қатысты терминдерді №1 кестеден көруге болады.

№1 кесте. «Перехват» терминінің баламалары

Қазақ тіліндегі нұсқа	Орыс тіліндегі нұсқа
Авиациялық тосқауыл жасау зымыран кешені	Авиационный ракетный комплекс перехвата
Орбитаға дейінгі кедергі жасау кешені	Доорбитальный комплекс перехвата
Әуедегі нысанаға тосқауыл жасау	Перехват воздушных целей
Жарықшақтарға тосқауыл жасау	Перехват осколков
Зымырандарға тосқауыл жасау	Перехват ракет
Ұшаққа тосқауыл жасау	Перехват самолета
Нысанаға тосқауыл жасау	Перехват цели
Радиотосқауыл	Радиоперехват
Тосқауыл жасау шебі	Рубеж перехвата

Жалпы 12003 терминнен тұратын әскери іске жатқызылған салалық қордың барлығын осы саланыкі деп айтуға болмайды. Онда техника мен информатиканы қоспағанда,

заңнама, құжат айналымы, іс жүргізу салаларының терминдері де кездеседі. Мысалы, ондағы құқық және заң салаларының терминдерін №2 кестеден көруге болады.

№2 кесте. Құқық және заңнама саласының терминдері мен ұғымдары

Қазақ тіліндегі нұсқа	Орыс тіліндегі нұсқа
Авторлық шарт	Авторский договор
Авторлық белгі	Авторский знак
Өнертабыс авторы	Автор изобретения
Авторлық ұжым	Авторский коллектив
Автор парағы	Авторский лист
Авторлық қадағалау	Авторский надзор
Авторлық құқық	Авторское право
Авторлық куәлік	Авторское свидетельство
Әкімшілік жаза	Административное взыскание
Әкімшілік ұстау	Административное задержание
Әкімшілік құқықбұзушылықтар	Административные правонарушения
Әкімшілік шығыстар	Административные расходы

Әкімшілік айыппұлдар	Административные штрафы
Заң ұқсастығы	Аналогия закона
Күшін жою	Аннулирование
Шарттың күшін жою	Аннулирование договора
Апелляциялық шағым	Апелляционная жалоба
Апелляциялық инстанция	Апелляционная инстанция
Апелляция	Апелляция
Жалға алу	Аренда
Жалға беруші	Арендодатель
Қамау, тұтқындау	Арест
Мүлікке тыйым салу	Арест на имущество
Қамалған, тұтқындалған	Арестованный
Патентсіз лицензия	Беспатентная лицензия
Заңдар жиынтығы	Блок законов
Қылмыскерлікке қарсы күрес	Борьба с преступностью
Жаза, жазалау	Взыскание
Төлету, өндіріп алу, қайтару	Взыскивать
Пара беруші	Взятодатель
Пара алушы	Взятополучатель
Паракор	Взяточник
Паракорлық	Взяточничество
Лауазымдық қылмыс	Должностное преступление
Лауазымдық жалақы	Должностной оклад
Тергеу, жауап алу	Допрос
Айыпталушыдан жауап алу	Допрос обвиняемого
Күдіктіден жауап алу	Допрос подозреваемого
Толық тергеу	Доследование
Тергеуге дейінгі тексеріс	Доследственная проверка
Толық тексеру	Досмотр

Қарастырылып отырған саладағы келісуге болмайтын қағидатты аударма қатарындағы «дабылдама / сигнализация», «Дауыс зорайтқыш», «Жауынгерлік / Боевая», «Оқ ағаш, жалғыз терте / Дышло», «Сазгенші / Фанфарист» және т.с.с. нұсқалар нақтылауды қажет етеді. Мысалы, ату басшысының түсті белгілерін «дабылдама» деп атауға болмайды. Оларға қоса авиация мен ұшақтың негізгі ұғымдарының бірі «оперение» сөзін дұрыс аудару не оның халықара-

лық атауларын баламасыз алу қажет. Мысалы, «Тік сүйеніш / вертикальное оперение» пен «Көлденең сүйеніш / горизонтальное оперение» дегендерге қоса «Ұшақ тіреуіші / Оперение самолета» деген ұғымдар нақты емес. Оларға қоса «Әрекеттегі армия / Действующая армия» мен «Әрекеттегі әскер / Действующие войска» дегендер де нақты оиды бере алмайды.

Терминкорда аудармалық та, ұғымдық та мағынасы жоқ, сөздер жиынтығы түрін-

дегі «Беру функциясын тудыру», «Бірлесіп жарақтандырудың аэрозоль түзетін құрамы», «Бомбалаушы-жойғыш», «Жасап көрсету тобы», «Қабылдағыштың енуші тізбегі», «Қауіпті биологиялық зат шығару», «Қашықтан әрекет ететін бомбалаушы», «Пиротехникалық құрамның жанармайы», «Сүйемелдеуде нысаналарды басып алу ықтималдылығы», «Сыртқы қозуы бар генератор» және т.б. нұсқаларды пысықтау керек.

Бір жағынан дұрыс сияқты болып көрінетін «Аэроғарыштан түсіру жұмыстары / Аэрокосмосъёмочные работы», «Қосалқы және қосалқы басқару пункттері / Запасные и дублирующие пункты управления», «Дәрігерлік-ұшқыштар комиссиясы» деген нұсқалар да пысықтауды қажет етеді.

Іс құжаттарын жүргізу не құжат айналымы саласына тиесілі «Еңбек сіңірген жылдары үшін / За выслугу лет», «Қол жеткізген нәтижелері үшін / За достигнутые результаты», «Қоспағанда / За исключением», «Жеке үлесі үшін / За личный вклад», «Функциялар мен міндеттерді үлгілі орындағаны үшін / За образцовое исполнение функций и задач», «Көзделген қаражат есебінен / За счет предусмотренных средств», «Бін-

та-жігері мен бастамасы үшін / За усердие и инициативу», «Зор құрметпен / С глубоким уважением», «Годен к воинской службе с незначительными ограничениями / Әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды» және т.с.с. сөздердің, тіркестер мен сөйлемдердің орындылығын айқындау керек.

Қазақ тіліндегі мәселелі аударманың бірі – «мамандандырылған» деген сөз. Негізі адамның, лауазымды адамның, маманның қызметіне байланысты қолданылуы тиіс бұл ұғымның әскери іс саласындағы «Мамандандырылған автоматты желі / Автоматическая линия специализированная», «Мамандандырылған электрондық-есептеу машинасы / Специализированная электронно-вычислительная машина», «Мамандандырылған есептегіш / Специализированный вычислитель», «Мамандандырылған ядролық заряд / Специализированный ядерный заряд» және т.с.с., яғни адамға қатысы жоқ құралдар мен тетіктер нұсқалары да нақтылауды қажет етеді.

Саладағы типтік қателерге қоса олардың сөздік құрылымы, сөзжасам мен терминжасам тұрғысындағы қателер де өте көп. Оларға мысалдардың бірқатары №3 кестеде келтірілген.

№3 Кесте. Қателі терминдер мен ұғымдар

Қазақ тіліндегі нұсқа	Орыс тіліндегі нұсқа	Ескерту
Автобетон араластырғыш	Автобетономешалка	Бірге қосып жазу керек, өйткені «автобетон» деген ұғым жоқ
Автоброньды танк әскерлері	Автобронетанковые войска	Бірге қосып жазу керек, өйткені «автоброньды» деген ұғым жоқ
Автосу цистернасы	Автоводоцистерна	Бірге қосып жазу керек, өйткені «автосу» деген ұғым жоқ
Атом артиллериясы	Артиллерия атомная	Түсініксіз ұғым. Дұрысы – «атомдық артиллерия»
Әскери артиллерия		Бұл жерде «войсковая» деген әскери құрылымдық бірлікті білдіреді. Сондықтан «әскер артиллериясы» деген дұрыс болар. Оған қоса «артиллерия» сөзін гаубица, теміржол, тау, полк, траншея деген сөздермен үйлестіру қажет. Осы қатарда «жағалық артиллерия», «корабльдік артиллерия» деген дұрыс нұсқалар бар

Дивизия артиллериясы	Артиллерия дивизионная	Дивизия мен дивизионның айырмашылығы бар. Дивизион дивизияның құрамына кіреді. Сондықтан «дивизиондық артиллерия» деген дұрыс болар
Таудағы әуеайлақ	Аэродром горный	Бұл әуеайлақтың қай жерде орналасуына емес, оның типіне, яғни жарақтандырылуына, қамтамасыз етілуіне және т.с.с. байланысты. Дұрысы – «Таулық әуеайлақ»
Тағайындалған әуеайлақ	Аэродром назначения	Әуеайлақ еш уақытта да «тағайындалмайды»! «Межелі мақсаттағы әуеайлақ» деген дұрыс болар
Дивизия базасы	База дивизионная	Дивизион базасы
Тосқауылдау	Барражирование	Бұл жерде тосқауылға еш қатысы жоқ. Бұл ұшу режимі. Орын алған оқиға төңірегінде ұзақ әрі тиімді ұшу түрі
Ағаш блиндаж	Блиндаж подбру- ственный	Бұл жерде мәселе жапқын материалда емес
Жетекші ұшақ	Ведомый самолет	«Ведомый» деген сөз жетекте жүруді білдіреді, сондықтан дұрысы «жетекті ұшақ» болуы керек
Тікелей оқ ату	Вертикальный огонь	Негізі «Қисық ату» не «бұра ату» дегендер жоқ
Өнімдерді өзара ауыстыру	Взаимозаменяе- мость изделий	Бұл жерде процес емес, заттың қасиеті туралы айтылған
Су бөгеті	Водное препятствие	«Бөгет» плотина емес пе?
Су тоғаны	Водозабор	«Тоған» қойма емес пе, сондықтан су алу не су тарту болуы керек
Су ығыстырғыш	Водоизмещение	«Водоизмещение» кез келген су кемесінің көрсеткіші болып табылады, сондықтан ол «су сыйымдылығы» болуы тиіс
Әскери-далалық госпиталь	Военно-полевой госпиталь	«Әскери-далалық» деген нұсқа дұрыс
Далалық-әскери сот	Военно-полевой суд	
Әуедегі нақты жылдамдық	Воздушная истинная скорость	«Әуелік нақты жылдамдық» деген дұрыс болар
Электрмагнитті өріс ұйытқуы	Возмущение электромагнитного поля	Электрмагнитті өрістің ұйытқуы» деп нақтылау қажет
Пайдаланылған газ	Выхлопной газ	Қозғалтқыштан шығатын газды «пайдаланылған» деп айтуға болмайды. Жану процесінде бөлінетін газды пайдалануға болмайтындықтан сыртқа шығарылатыны аксиома

Артпалы артиллерия	Выучная артиллерия	«Артпалы артиллерия» деген ұғым өте кең. Артиллерияны автокөлікті былай қойғанда, ұшаққа, тікұшаққа артуға болады. Ал орыс тіліндегі нұсқада ат, түйе, есек және т.б. жануарлар мегзеліп тұр. Сондықтан «Жануарларға артпалы артиллерия» деген дұрыс болар
Қуат іріктеу генераторы	Генератор отбора мощности	Іріктеу «Отбор» сөзінің мағынасын бере алмайды, сондықтан «Қуатты алушы генератор» деген нұсқа ұсынылады
Дәйекті қозу генераторлары	Генераторы последовательного возбуждения	Дәйекті сөзі «последовательный» сөзінің баламасы емес
Гидросым	Гидропровод	Аударғанда «гидро» және «провод» сөздерін ұштастыру қажет еді. Сым мен сұйықты қалай ұштастыруға болады? Сондықтан «гидроқұбыр» не «гидротүтік» деу керек
Таудағы мотоатқыштар әскерлері	Горно-мотострелковые войска	Ұғымның мәні «Таудағы» не «баудағы» емес. Арнайы әскер не жасақ болатындықтан «Таулық мотоатқыштар әскерлері» деген дұрыс болар
Дзот	Дзот	Тұтынушыларға түсінікті болуы үшін тарқатып жазу керек
Жарылғыштарды қашықтықтан алушы	Дистанционный извлекатель взрывателей	«Взрыватель» «жарылғыш» емес «жарғыш» болып табылады. Осы сынды нұсқаларды заттардың конструкциясына сүйене отырып аударған орынды
Рота бойынша тәуліктік кезекші	Дневальный по роте	«Дневальный по роте» дегенге қоса «Дежурный по роте» деген ұғым бар. Ол қалай аударылады?
Бірыңғай автоматтандырылған байланыс тармағы	Единая автоматизированная сеть связи	Терминқорда «сеть» барлық мән-мәтінде «тармақ» деп алынған. Дұрысы – «желі»
Корабль жасау	Закладка корабля	«Закладка» сөзі корабль құрастыруды / жасауды бастауды білдіреді
Топырақ шашу	Засыпка грунта	«Топырақ шашу» осы саладағы «оқшашу» дегенмен бірдей сияқты

Терминқордағы әскери іс саласына жатқызылған ісқағаздық сипаттағы «Рухы көтерілді», «Нарядтар қойылады», «Ержүрек жауынгер», «Еркін жүруге құқылы», «Осы мәселе», «Мереке құрметіне сыйлықақы беру», «Ақпарат тәртібінде баяндаймын», «Егер өзгеше көзделмесе»

және т.с.с. терминдер мен сөздердің орындылығын анықтаған да дұрыс болар.

Жалпы алғанда әскери іске тікелей байланысы жоқ «Академиялық басылым», «Академиялық дәреже», «Академиялық кітапхана», «Аңдатпа түсініктеме», «Диссертациялық кеңес», «Ғылым докторы»,

«Ғылымға қайшы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама» және т.с.с. терминдер мен сөздерді алып тастау ұсынылады.

Қолданыстағы заңнамада керемет балалары бар, бірақ Терминқорлық әскери іс саласына қатысы жоқ «Қосылма тұлға/ Аффилированное лицо», «Хабарсыз кеткенші / Без вести пропавший» және т.с.с. ұғымдарды түзеткен абзал. Олардың салалық заңнамада бекітілген нұсқалары дұрыс болып табылады.

Мақала тіл саласына және терминдерге қатысты болғандықтан Терминқордағы олардың қазақ тіліндегі қателерімен қатар орыс тіліндегілерді де көрсеткен артық болмас. Сондықтан «Артиллериская», «Взрывоустойчивость», «Выключатель конечной нажимной», «Дальнебойность оружия», «Военно-топографическое служба», «Вход топлива», «Командир дивизий», «Монентный двор», «Оборудование», «Ось сжатие», «Отсутствия военнослужащего на службе», «Портативный рентгенотелевизионная система», «Разнокалибрный» және т.б. қателі сөздерді түзету қажет.

Оған қоса әскери іс үшін маңызы шамалы не белгісіз «Голубая лента с надписью», «Девизная лента василькового цвета», «Балағы етікке салынатын шалбар» деген сөздерді алып тастағаннан бұл сала зиян шекпейді.

Қазақ тіліне дұрыс аудару үшін «Каральный начальник», «Бомбардировщик-ис-

требитель», «Боевое крещение» және т.с.с. түзету, ал «Витязь», «Дальний отъезд», «Дедовщина» және т.б. сөздер мен шартты ұғымдарды нақтылау не алып тастау ұсынылады.

Тіл маманы үшін мәселе болып табылмайтын «Аберация», «атестаттау», «Атоматты», «автоматы реттеу», «апаратурасы», «Саперлар» «шығуу» және т.с.с. қатар техникалық сипаттағы «талшықты-оптикалық байланыс связигелісі», «Гидротопса және гидротоспалар блогы» және т.б. қателі терминдер мен ұғымдар кездеседі.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, Терминқорда әскери іс саласы бойынша терминдерде қате өте көп жіберілгені атап өтіледі. Олардың арасында қағидатты қателермен қатар, техникалық қателер де кездеседі. Мақалада мысал ретінде тек бірқатары, яғни аз көлемі ғана көрсетілді. Терминқор сапасын арттыру, оны дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін қарастырылған және басқа салалар терминдерін мұқият зерделеу мен зерттеу, жіберілген қателерді түзету бойынша ұсыныстарды құқықтық мәртебесі анықталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының қарауына ресми енгізу қажет.

